

*Бала-шаға жеп кеткен бір ақыңды,
Қу шал, соны қуып келдің бе, баяғыңды [6; 99], —*

деп айтылады. Бұл қос шумақта да, бір тектілік пікір, ойдың бірлестігі жатқандығын анық байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Сүйіншіәлиев Х.* XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы. — Алматы, Жазушы, 1983. — 11-б.
2. *Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиеті. — Алматы: ҚМКӘБ, 1950. — 117 б.
3. Қазақ әдебиеті тарихы. — 1-т. — 1-к. — Алматы: ҚМКӘБ, 1960. — 671 б.
4. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Жазушы, 1991. — 26 б.
5. Ақындар жыры. — Алматы: Жазушы, 1963. — 187 б.
6. *Қошқарбаев Ш.* Ақ қайын. — Алматы: Жазушы, 1984. — 148 б.
7. Айтыс / Құраст. Ш. Ахметов, К. Сейдаханов. — Алматы: Жазушы, 1967. — 448 б.
8. *Байтуов Ж.* Шығармалары. — Балқаш, 1991. — 17-б.
9. Ақындар айтысы // Советтік Қарағанды. — № 72. — Қарағанды, 1944. — 235-б.
10. *Жармұхамедов М.* Айтыстың даму жолдары. — Алматы: Ғылым, 1976. — 241 б.

ӘОЖ 82.091[894.342:882]

Мағжанның поэзиялық аудармалары

Бейсентай А.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье рассматриваются творчество классика казахской поэзии — поэта Магжана Жумабаева, грани его мастерства художественного перевода. Всесторонне раскрыты особенности перевода поэзии, определено место поэта-переводчика в развитии литературы, показано его художественное мастерство. Принимая во внимание тексты оригиналов и переводы М.Жумабаева, автор определяет уровень переводческой деятельности поэта на основе текстовых сравнений.

This article describes many sided translations and masterpieces of Kazakh classic poetry Magzhan Zhumabaev. His literary translations characterize his ability to rise the Kazakh poetry on the top of the world poetry. Magzhan's work's elements and poetical translations are shown from different sides. The place of literary translations in the development of literature is identified. The article also describes the aims and objectives of his translations. It is proved that his ability to translate literary works comparing them with original is on high level. There are also comparisons of texts and secularities of his translations.

Көптеген жылдар бойына жекелеген мақалалар көлемінде түрлі қырынан сөз болып келген әдеби-көркем аударма мәселесі өткен ғасырдың 60-жылдарынан бергі аралықта арнайы зерттеулерге арқау болып, аударма ісіне байланысты өзекті проблемалар жан-жақты қарастырыла бастады. Бұл ретте С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, С.Құспанов, Х.Садықов, Н.Сағындықова сияқты зерттеушілердің еңбектерін атап өту абзал. Сондай-ақ Р.Хайруллин, М.Құрманов, Ш.Сәтбаева, С.Сейітов, С.Әбдірахманов, тағы басқалардың бергі кезеңдерде жарық көрген еңбектерінде көркем аударма мәселесіне байланысты көптеген маңызды ой-пікірлердің көрініс тапқаны мәлім. Бұл жағдайдың өзі қазақ әдебиетіндегі көркем аударма ісі әдебиеттер байланысының аса маңызды буыны болуымен қатар, әдеби өмірде де өзіндік орын иеленіп үлгерген шығармашылық еңбектің бірі екендігін айғақтайды.

Олай болса, М.Жұмабаевтың аудармашылық шеберлігі, ерекшелігі жайындағы ой бағытымызды дұрыс арнада өрістету үшін, әуелгі кезекте, аудармашылықтың өзі қандай еңбек екендігін айқындап алған жөн болмақ. Бұл ретте «Әдебиеттану» терминдер сөздігіне көз салсақ, аударма «әдеби

шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды» [1] болып анықталады. Ж.Жақыповтың анықтамасы бойынша: «Аударма» — көп мағыналы сөз. Ол, біріншіден, бір тілді екінші бір тілде сөйлету үдерісін білдірсе, екіншіден, осы тілде айтылғанның/жазылғанның келесі тілге қалай жеткенін, яғни іс-әрекеттің нәтижесін, өнімін білдіреді... Аудармаға байланысты басты екі жайт бар: 1. аударманың мақсаты — бастапқы түпнұсқа тілін білмейтін оқырманды/тыңдарманды өзге тілдегі мәтінмен мүмкіндігінше жақын таныстыру; 2. аударма дегеннің өзі — басқа тілдің құралдарымен бейнелегенді екінші бір тілдің құралдарымен толық та нақты, нық шынайы, сенімді бейнелеу» [2].

Мақсатымызға сәйкес, орыс филологиясына зер салсақ, аударма теоретигі А.В.Федоровтың пікірінше: «Слово «перевод» принадлежит к числу общеизвестных и общепонятных, но и оно, как обозначение специального вида человеческой деятельности и ее результата, требует уточнения и терминологического определения. Оно обозначает: 1) процесс, совершающийся в форме психического акта и состоящий в том, что речевое произведение (текст или устное высказывание), возникшее на одном — исходном — языке (ИЯ), пересоздается на другом — переводящем — языке (ПЯ); 2) результат этого процесса, т.е. новое речевое произведение (текст или устное высказывание) на ПЯ» [3]. Орыс филологиясында аударма теориясы мәселелерімен айналысушы З.Д.Львовская [4], Л.К.Латышев [5], Е.В.Бреус [6] т.б. зерттеушілердің ой түйіндері де осы үлгіде болып келеді.

Болгар филологы А.Лилова аударма мәселесінің мәнін терең түсіну үшін оған байланысты бірнеше аспектіні назарда ұстау қажеттігін алға тартады. Олар: «...первый, основной аспект понятия «перевод» — это его социальная природа и общественные функции»; «...следующий основной аспект понятия «перевод» — это его сущность как явления культуры, как факта и достояния, процесса и движущей силы национальной и мировой культуры»; «...еще одним из основных аспектов понятия «перевод» является его лингвистический аспект, лингвистическая природа перевода»; «...перевод, кроме общей качественной определенности, характерной и действительной для всех его форм и видов, имеет ясно выраженную качественную дифференцированность в своих различных формах и видах. В частности, основным аспектом понятия «художественный перевод» является его художественно-эстетический аспект, его эстетическая сущность и образная природа»; «...отражение и творчество также являются основными аспектами понятия «перевод», диалектика отражения и творчества — базисный момент его природы»; «... одним из основных аспектов перевода является также его творческая природа, то есть перевод — это сложно организованный и сложно функционирующий творческий процесс, в результате которого создается переводное произведение»; «...нет и не может быть «чистого», внеисторического представления о переводе, историческая определенность и историческое бытие — основная характеристика понятия «перевод» [7] деп сипатталатын аспектілер. Аудармашылық ісіне қатысты бұл аспектілерге көңіл қойып отырған себебіміз — бұлардың қай-қайсы да М.Жұмабаев аудармаларын зерделеу барысында орайлы тұстарда назарға алып отыруды қажетсінеді.

Ұлттық әдебиетіміздегі көркем аудармаға байланысты ой-пікірлерін ортаға салған мақаласында М.Әуезовтің: «Аударма теориясының басты кемшіліктерінің бірі ... жақсы, үлгілі аударма тәжірибелерін жеткіліксіз, үстірт зер салу, шетендеп қана зерттеу болып отыр. Ал асылында, ондай аудармаларды бүкіл егжей-тегжейіне жете, жан-жақты талдау аса мәнді шарт, талданғанда шығарманың идеялық-көркемдік қасиеттерін аударманың бойына қалай сіңіргендігін, образдылығын, түпнұсқаның ырғақтық, үндестік, шумақтық, ұйкастық нәзік ұтымды тетіктерін, авторының сөз өнеріндегі өзіне тән ерекшелігін, тарихи нышандарын беруде аударма өнерінің, бұрынғы-соңғы аударма істерінен мүлде басқаша екендігін дәлелдеу әбден керекті міндет» [8], — деген талабын қаламгер аудармашылығын сөз еткен тұстардың барлығында да қатаң ескеру орынды болары анық.

Жалпы, М.Жұмабаевтың поэзиялық аудармалары болып табылатын он бес шығарманың үшеуі шығыс әдебиетінен алынған туындылар болса, екеуі — орыс әдебиетінен алынған авторы белгісіз өлеңдер, ал төртеуі — еуропалық әдебиеттен, алтауы — орыс әдебиетінен аударылған авторлық өлеңдер. Аудармалар қатарына Мағжан қаламынан туған «Біраз Фетше» деп аталатын өлеңді де қосуға болады деп есептейміз.

М.Жұмабаев еуропалық әдебиеттен екі ақыннан төрт шығарма тәржімалаған. Олар — неміс ақындары И.В.Гетенің «Айрылдым сенен, жан сәулем», «Орман патшасы» туындылары және Г.Гейнеден аударылған «Екі бетің, сұлу қыз...», «Күннің батуы» өлеңдері.

И.В.Гетенің «Орман патшасы» — 1782 жылы, «Айрылдым сенен, жан сәулем» өлеңі 1788 жылы жазылғандығын ескерсек, бұлар Гете шығармашылығының веймар кезеңінің еншісіндегі шығармалар болып табылады.

Веймар кезеңі — халық қамы үшін әкімшілік-басқару жұмыстарына араласып, халыққа жеңілдіктер туғызуға мүмкіндік беретін нақты шаралар жасамақ болып көп уақытын жұмсаған Гете үшін қайраткерлік тұрғыдан ғана емес, шығармашылық тұрғыдан да аса жемісті бола қоймаған кезең. Дегенмен, неміс ақынының қаламынан бұл жылдары «Балықшы», «Орман патшасы», «Жыршы» балладалары, «Мидинг өліміне» поэмасы, «Қараңғы түнде тау қалғып», «Айрылдым сенен, жан сәулем» сияқты бірнеше лирикалық өлеңдер т.с.с. бірнеше шығармалар жарық көргені белгілі.

Жалпы алғанда, Гетенің бұл кезеңдегі көлемді шығармаларында шығармашылығының бастау кезеңіндегі Прометей, Фауст, Вертер сынды бүлікшіл, әрекетшіл қаһармандарды ізгі ниетті, бұйығы Ифигения, жасқаншақ Вильгельм Мейстер сияқты кейіпкерлер алмастырса, лирикасында бұрынғы бұрқак сезімге толы буырқанған өлеңдер ой-толғаныстармен ұштасқан саликалы сезімдерге бейім жырларға орын ұсынады. Бұл ерекшеліктерді Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінен де, Мағжан аударған «Айрылдым сенен, жан сәулем» өлеңінен де аңғаруға болады. Аталған кезеңдегі Гете шығармашылығына тән болған бұл сипаттардың кейбір себептері ақынның әкімшілік тірліктегі нәтижесіз еңбегіне қатысты өкінішпен қатар, Шарлотта фон Штейнмен арадағы сүйіспеншілік сезіміне де байланысты болса керек.

Осы орайда М.Жұмабаевтың Гете шығармаларынан аудармалар жасаған уақыты өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары екендігін еске түсірсек, неміс ақыны мен қазақ ақынының қайраткерлік және жеке өмірлерінде көптеген ұқсастықтар аңдалады. Мағжанды Гете шығармашылығының веймар кезеңіне тән дүниелердің қызықтыруының бір себебі осы тұстан өріс алып жатуы да ықтимал екендігін жоққа шығаруға болмас. Енді Гете шығармаларының аудармаларына келелік.

«Орман патшасы» — еуропалық баллада үлгісіне тән сипаттардың барлығын бойына жинақтаған туындылардың бірі. Оның сыры еуропалық баллада жанрының қалыптасуында И.В.Гетенің де айрықша еңбек сіңіргендігінде жатыр. Сол себепті осы тұста «баллада» ұғымының мәніне көңіл қояр болсақ, Гете қаламынан туған «Орман патшасының» көркемдік құрылымы мен мазмұнына, сюжетіне қандай ерекшеліктер тән екендігін айқын түсіне аламыз.

В.А.Жуковский аудармасындағы «Орман патшасы» 8 шумақ болса, М.Жұмабаев аудармасында 16 шумақтан тұрады. Оның себебі — аударма барысында Мағжан орысша мәтіннің бір шумағын екі шумаққа келтіріп аударған. Алайда бұл өзгерістен туындының көркемдік болмысына да, құрылымына да ешқандай нұқсан келмейді. Ырғақтық, үндестік жағынан да, буын өлшемі тұрғысынан да орысша нұсқаның өлшемі сақталған. Тіпті Мағжан жасаған шумақты бөлшектеу тәсілі авторлық суреттеулер мен жолаушы, жас бала, орман патшасы арасындағы диалогтардың ара-жігін аша жеткізуге әсер етіп тұрғаны байқалады. Салыстырып байқалық:

В.А.Жуковский аудармасы бойынша:

*«Дитя, я пленился твоей красотой:
Неволей иль волей, а будешь ты мой».
«Родимый, лесной царь нас хочет догнать»;
Уж вот он: мне душно, мне тяжело дышать».*

*Ездок оробелый не скачет, летит;
Младенец тоскует, младенец кричит;
Ездок погоняет, ездок доскакал...
В руках его мертвый младенец лежал.*

М.Жұмабаев аудармасы бойынша:

*«Жараланды жүрегім,
Ғашықпын, бала, көркіңе.
Енді маған келерсің!
Қоймаспын, сірә, еркіңе!» —*

*«Жан ата, орман патшасы
Қуып бізге жетті зой.
Келіп қалды мінекей,
Қысылдым, демім бітті зой!»*

*Жолаушы енді қысылып,
Шаппайды, ұшып келеді.
Қайғырады нәресте,
Нәресте жылай береді.*

*Құйындатып жолаушы,
Үйіне ұшып келіпті.
Бірақ оның қолында
Нәресте жолда өліпті.*

Үзіндіден байқалып тұрғандай, М.Жұмабаев аудармасында шумақ құрылымы бөлшектенгенімен, көркемдік мазмұн, сюжеттік-композициялық тұрғыдан ешқандай өзгеріс жоқ. Диалогтар да, авторлық бейнелеулер де өз орындарын сақтаған, суреттеулер мен диалогтар орысша мәтіндегі мазмұндарынан ауытқымаған.

Осы орайда айта кеткен жөн, Гетенің алғашқы балладаларында махаббат сарындары басымдық танытып жататын болса, веймар кезеңіндегі балладаларында ақын ақылмен ұғып болмайтын тылсым жайттерді бейнелеуге баса көңіл қояды, сол арқылы жаратылыс құпияларына ақындық қиялмен бойлауға ұмтылады, осындай көркемдік мақсатына сәйкес, кейіпкерлерін де табиғатпен біте қайнасқан жаратылыс иелері бейнесінде көрсетуге бейіл танытады. Гете шығармасындағы дәл осы сипаттар Мағжан аудармасында мейлінше дәл жеткізілген. Бұл жағдайдың өзі аударма барысында Мағжанның орысша мәтіндегі көркемдік қасиеттерге нұқсан келтіріп алмауды айрықша құнттағанын байқатады. Сонымен бірге неміс ақынының көркемдік-шығармашылық мақсатын М.Жұмабаевтың ақындық сұңғыла түйсікпен дәл танығанын айғақтайды.

Гете поэзиясынан М.Жұмабаев аударма жасаған келесі шығарма «Айрылдым сенен, жан сәулем» деп аталады. Бұл тұстағы бір өкінішті жайт — М.Жұмабаевтың бұл өлеңге қай ақынның аудармасы арқылы келгенінің әзірше беймәлім болып отырғандығы.

1985 жылы И.В.Гетенің таңдамалы шығармаларының 2 томдығын шығару барысында орыс әдебиетшілері «Орман патшасы» аудармаларының ішінен В.А.Жуковский нұсқасын алып, ал М.Жұмабаев аудармасында «Айрылдым сенен, жан сәулем» аталған өлеңнің О.Г.Чухонцев нұсқасын таңдауына қарағанда, осы аударманы түпнұсқаға жақын келеді деп есептеуге болатындай.

Гете өлеңінің О.Г.Чухонцев аудармасындағы нұсқасы:

*Так ты ушла? Ни сном ни духом
Я не виновен пред тобой.
Еще ловлю привычным слухом
Твои слова и голос твой.*

*Как путник с беспокойством смутным
Глядит в бездонный небосвод,
Где жаворонок ранним утром
Над ним — невидимый — поет;*

*Как взгляд мой, полный нетерпенья,
Следит — сквозь чащи — даль и высь,
Так все стихотворенья
«Вернись! — безумствуют. — Вернись!»*

Берілген мәтін мен Мағжан аудармасын өзара салыстырар болсақ, әр шумақтағы көркемдік мазмұн, яғни сезім құбылыстарының бейнелері, өте жақын келетінін көреміз. Мәселен, орысша мәтіндегі бірінші шумақта сүйгенінен айрылған жанның сағынышы өзін-өзі ақтау сезімімен («Я не

виновен пред тобой») ұштаса бейнеленсе, Мағжан аудармасындағы сағыныш құлазу сезімімен («Көруге енді жоқ үміт») астасып беріледі.

Ал екінші, үшінші шумақтардағы лирикалық кейіпкердің ішкі көңіл-күйінің бейнесі екі аудармада да өте ұқсас көрініс тапқан. Тек соңғы тармақтардағы лирикалық кейіпкер әрекетінің бейнеленуінде айырмашылық бар. Орысша мәтінде лирикалық кейіпкер сүйгенінің қайта оралуын тілек етсе, Мағжан аудармасында сүйгенінен мүлде қол үзгенін айқын сезгендіктен, лирикалық кейіпкер ішкі қайғыға жол береді. Лирикалық кейіпкердің соңғы әрекеттерінің осы сипатта көрінуі екі аудармадағы көркемдік сюжеттің өрістеуіне лайықты шешім болып табылады. Өйткені орыс тіліндегі аудармада лирикалық кейіпкер өзін кінәлі сезінбегендіктен, іштей үміттен алатын болса, Мағжан аудармасында оның қандай да бір үмітке еруіне жол жоқ. Сондықтан қайғыға берілуі шындыққа сәйкес шешім.

Байқалып тұрғандай, Гете өлеңінің Мағжан аудармасы орыс тіліндегі аударма мәтінінен алшақтамайды. Сезім күйлерінің алмасуын бейнелеуден тұратын сюжет те, өлеңнің ішкі ырғағы да сақталған. Тіпті жекелеген детальдардың өзі (жаворонок — торғай, даль и высь — тоғай, қыр т.б.) сәл-пәл өзгеріске ұшырағанымен, негізгі мазмұнынан қол үзіп кетпеген. Мағжан аудармасынан көрініс тауып отырған бұл сипаттар аударма барысында қазақ ақынының аударылып отырған мәтінге тән көркемдік белгілерін барынша мұқият сақтауды мақсат еткенін аңғартады. Мәтін көркемдігін мейлінше дәл жеткізу қандай аудармашы үшін де аса жауапты сын болып табылатынын ескерсек, бұл тұрғыда М.Жұмабаевтың аудармашылық шеберлігін кім-кімге де үлгі етуге болары даусыз шындық.

Жоғарыда сөз болған аудармалар Мағжанды аударма жасау барысында түпнұсқаға сәйкестікті айрықша құнттаған аудармашы ретінде танытса, оның аудармашылық тәжірибесінде қазақ ақынын экспериментшіл аудармашы ретінде бағалауға да мүмкіндік беретін қызықты туынды бар. Ол — «Біраз Фетше» деп аталатын өлең. Бұл туындының қызықты болатын себебі — өлеңнің әрі төл туынды, әрі аударма сияқты екіұдай әсер етуі.

Өлеңді Мағжанның төл туындысы ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін себеп — А.Фет пен М.Жұмабаев шығармаларының арасында сөздік-мәтіндік сәйкестік жоқ. Бұл тұрғыдан қарағанда, «Біраз Фетше» өлеңін М.Жұмабаевтың төл туындысы ретінде тануға болады.

Ал «Біраз Фетше» өлеңінің аударма іспетті әсер ету себебі — өлеңде А.Феттің «Шепот, робкое дыханье» деп басталатын шығармасына тән көркемдік сипаттар айқын аңғарылады. Айналадағы құбылыстарды образды қабылдау ерекшеліктері мен өмірлік шындықты көркем бейнеге айналдыру тәсілдері тұрғысынан болсын, яки оқырманға әлдебір тылсым да таза әлемнің суретін қызықтағандай әсер ететін эмоционалдық-экспрессивтік қуаты жағынан болсын, тіпті тілдік қолданыстағы әуезділік, суреттілік тұрғысынан болсын, аталған екі туындыдан ерекше үндестік, ұқсастық байқалады. Мағжан туындысына осы қырынан келсек, оны қазақ ақынының эксперименттік аудармасы ретінде бағалауға болады.

Туындыны эксперименттік аударма ретінде бағалауға мүмкіндік беретін жағдайлардың тағы бірі — шығарманы ақынның өзі «Біраз Фетше» деп атауы. Бұл жайт туындының түп негізі А.Фет өлеңінде жатқанын анық көрсетеді. Осы орайда еске түсіре кетер болсақ, шығыс әдебиетіндегі сияқты, қазақ әдебиетінің тарихында да нәзирашылдық аударма дәстүрі болған. Бұл тұрғыдан келсек, «Біраз Фетше» өлеңін ұлттық әдебиетіміздегі назирашылдық дәстүрдің М.Жұмабаев шығармашылығы арқылы жаңа кезеңге сай жаңғыруының үлгісі ретінде қабылдаудың да орайы бар.

Мағжан ақынның А.А.Фет поэзиясына қызығушылық таныту себептеріне байланысты кейбір ойларымызды алдыңғы тараушада баяндағандықтан, бұл тұста тек Фет өлеңіне қатысты кейбір жайттардың мәнін бағамдау үшін орыс әдебиетшісі Н.Н.Скатовтың: «Фет остался лириком, хотя и особого склада». В лирике Фета (во всяком случае, в значительной ее части) есть своеобразная первобытность, о которой хорошо сказал В.Боткин: «Такою наивную внимательность чувства и глаза найдешь разве только у первобытных поэтов. Он не задумывается над жизнью, а безотчетно радуется ей. Это какое-то простодушие чувства, какой-то первобытный праздничный взгляд на явления жизни, свойственный первоначальной эпохе человеческого сознания. Поэтому-то он так и дорог нам, как невозвратимая юность наша» [9], — деген пікірінде келтірілген XIX ғасырдағы орыс өнертанушысы, әдебиет сыншысы В.Боткиннің бағасын ескере отыруды жөн көрдік.

Шындығында да, А.Фет өлеңі мен сол өлеңнен «ғашықтар сыбыры, түнгі жарық, гүл, бұлбұл, ессіз аймаласу, көз жасы, таңғы сәуле» сияқты бейнелерді ала отырып, қайта жырланған «Біраз Фетше» өлеңін өзара туыстырып тұрған қасиет — табиғат суреттері мен адам сезімдерінің мейлінше тұнық, мейлінше табиғи күйінде бейнеленуі. Сондай-ақ екі туындыны өзара жақындастырып тұрған

тағы бір қасиет — екі өлеңге де тән болып келетін көріністер алмасуына негізделген динамикалы сюжет, табиғат пен айналадағы әрекет-құбылыстарды адамның сезім-әсерімен ұштастыра бейнелеуге негізделген көркемдік мазмұн, поэтикалық образдылықтың шынайылығы.

Қай тұрғыдан келгенде де, ұлттық әдебиетімізде жаңашыл ізденістерімен бірегей із қалдырған М.Жұмабаевтың «Біраз Фетше» туындысы көркемдік-образдылық сипаттары жағынан қызықты құбылыс екендігі анық.

М.Жұмабаевтың аудармашылық тәжірибесінде оның Гете, Гейне, Лермонтов шығармаларын аудару үлгісіне қарағанда, бөлектеу сипатымен көрінетін аудармасы — А.В.Кольцовтан аударылған «Шалдың үміті» өлеңі.

А.В.Кольцовтың төрт шумақтан тұратын өлеңінде бейнеленген кейіпкердің арманы, аңсар сезімдері, кейіпкер қиялындағы сурет-көріністер, көңіл-күйіндегі өзгеріс-құбылулар Мағжанның үш шумақтан тұратын аудармасында толық берілген. Алайда Мағжан-аудармашы түпнұсқадағы тармақ, шумақ санын, буын, бунақтар өлшемін, соған сәйкес келетін өлең ырғағын сақтамаған.

Үстірт қарағанда, бұл жағдай қазақ ақынының аударма барысында еркіндікке жол беруі сияқты әсер ететіні шындық. Десек те, Кольцов шығармасының жанрлық басты ерекшелігі әуенділік, әуезділік, әнге бейімділік болып табылатынын ескерсек, Мағжан-аудармашының бұл «еркінсуін» шығармашылық тапқырлық ретінде бағалаған орынды. Өйткені Кольцов өлеңі орыстың халықтық әуендеріне салып айтуға бейім болса, Мағжан аудармасындағы өлең мәтіні мазмұнына сәйкес келетін қазақтың халық әндерінің кез келген әуеніне үндесе кетеді. Демек, бұл тұста Мағжан-аудармашы түпнұсқаның сырт пішінін сақтаудан гөрі, өлеңнің көркемдік мазмұнын айқындай жеткізуге ықпалы тиетін музыкалық қасиетіне ден қоюды дұрыс санаған.

Мағжан аудармасындағы осы ерекшеліктен туындайтын тағы бір қызықты құбылыс назар аудартады. Ол — Кольцов өлеңіндегі лирикалық кейіпкер — орыс қартының жаратылысына тән орыстық мінез-қасиеттердің Мағжан аудармасында қазақыланып кетуі. Мағжан аудармасындағы шал — қазақша армандап, қазақша қиялдайтын, қазақша өкініп, қазақша тәубаға келетін шал. Салыстырып байқалық:

А.В.Кольцов өлеңіндегі қарт арманының бейнесі:

*Оседлаю коня,
Коня быстрого,
Я помчусь, полечу
Легче сокола.*

*Чрез поля, за моря,
В дальнюю сторону —
Догоню, ворочу
Мою молодость!*

Бұл — орыс деревнясында туып-өсіп, тірлік кешкен орыстың қунақ қимылды, қутың мінезді шалына тән арман-қиял. Өлең әуені де орыс «частушкаларына» келеді.

М.Жұмабаев аудармасындағы қарт арманының бейнесі:

*Ерттеп мінсем бір жүйрік ұшқыр атты,
Шапсам, ұшсам сұңқардай құстан қатты,
Жалпақ дала, кең теңіз бәрін өтіп,
Қуып жетіп, қайтарсам жастық шақты.*

Бұл — сайын сахарада туып-өсіп, қиялымен қиырды кешкен, арманымен аспанды кезген, көңілі жүйрік қазақ шалының аңсар сезімі. Осы іспеттес тәтті армандар қазақтың халық әндерінен молынан ұшырасып жататыны да мәлім.

Үзіндіден байқалып тұрғандай, М.Жұмабаев аудармасында Кольцов өлеңіндегі «Жүйрік атты ерттеп мінсем, сұңқардай самғап ұшсам, даланы да, теңізді де кешіп өтіп, жастық шағымды қуып жетіп, кері қайтарсам!» деген қарт арманы түгелдей көрініс берген.

Осы тұста айта кеткен жөн, М.Жұмабаев аудармасында Кольцов өлеңінің көркемдік мазмұны толық сақталған. Өзгешелік сол көркемдік мазмұнды жеткізу тәсілінен аңғарылады. Нақтылай

айтқанда, Кольцов өлеңіндегі көркемдік мазмұн лирикалық кейіпкердің ішкі ой-сезімдерінің динамикасы (арманның өкінішке ұласуы) арқылы жеткізілсе, аудармадағы көркемдік мазмұн ішкі диалог үлгісінде беріледі.

Жалпы алғанда, М.Жұмабаевтың А.В.Кольцовтан жасаған аудармасы қазақ әдебиетіндегі аударма тәжірибесі үшін де, аудармашылар үшін де назар аударуды қажетсінетін шығармашылық ізденіс болып табылары сөзсіз.

М.Жұмабаевтың аудармалары мен түпнұскалық мәтіндерді назарға ала отырып, қазақ ақынының аудармашылығы жайында ой түйіндер болсақ, Мағжан қаламынан туған аудармалардың қай-қайсы оның аудармашылық қабілетінің аса жоғары деңгейден табылатынын айғақтайды. Оған Мағжан ақын аударған шығармалардың түпнұсқасы мен аударма мәтіні арасында көркемдік мазмұн, бейнелілік, авторлық ой-идея тұрғысынан алшақтық яки ауытқушылық кездеспеуі айқын дәлел бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 58-б.
2. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. — Алматы: InnoPRESS, 2004. — 12, 13-б.
3. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. — М.: Высш. шк., 1983. — С. 9.
4. Львовская З.Д. Теоретические проблемы перевода: Монография. — М.: Высш. шк., 1985. — 232 с.
5. Латышев Л.К. Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания. — М.: Просвещение, 1988. — 160 с.
6. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. — М.: УРАО, 2000. — 208 с.
7. Лилова А. Введение в общую теорию перевода: Монография / Пер. с болг. Л.П.Лихачевой. — М.: Высш. шк., 1985. — С. 25–29.
8. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кейбір мәселелері: Мақалалар жин.). — Алматы: ҚМКӘБ, 1957. — 4, 5-б.
9. Скотов Н.Н. Афанасий Афанасьевич Фет // История русской литературы XIX века. Вторая половина. — М.: Просвещение, 1991. — С. 199.

ӘОЖ 821.512.122:82–311.6.

Қазақ қоғамы және сал-серілер тұлғасы

Смағұлов Ж.Қ., Кенжебекова Ж.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

На материале романа С.Жунусова «Акан сери» рассматриваются образ сал-сери, его сюжетно- и структурообразующие функции, особенности выражения авторской позиции в романе. Образ является основным объектом художественного произведения. При анализе текста в статье учитываются новые взгляды на национальную литературу, сложившиеся после провозглашения независимости Казахстана.

The researcher tried to show the general image of Kazakh of people with sal-seri. The main object of art composition — is human. In our national literature we have new views after the independence of Kazakhstan. The researcher pointed out individual elements of Akan-sery national nature, writer's artistic style with a lot of examples. In spite of this the image of Akan-sery needs further studying. Article deals with the meaning of sal-sery in Kazkh society and the ride of Akan-sery in art work.

Үшінші мыңжылдыққа, ХХІ ғасырға, қадам басқан қоғамның даму үрдісінде Қазақстан егемендік алып, көк байрағын желбіретті. Ұлт тәуелсіздігі — ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы елінің жарқын болашағы жолындағы күресінің жемісі. Қазақстан мемлекетін әлем танып, өркениетті әлемнің қауымдастығы — Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Елбасы Н.Назарбаев ұлт мәселесіне басты назар аударып, егемен мемлекет пен тәуелсіз ұлттың дамуында ұлттық сипаттың мәнін атап көрсетті. «Кеңес кезінің өзінде шын ұлттық мемлекеттілік таптық сипаттан ұлттық сипатты жоғары қою жолымен жүзеге асатынына көз жете бастады. Өмірдің барлық саласына